

А 2007

8814



Қадыр Мырза Әли

2

КОСМОДРОМ

2006

Қадыр Мырза Әли



Таңдамалы жинақтар 2 том

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫқ АКАДЕМИЯЛЫқ КІТАПХАНАСЫ

№ 00103623

© Мырза Әли, 2006
© Қадыр Мырза Әли, 2006

ББК 84 (5 Қаз.) 7-4

М 91

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ
КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР*

М 91 Мырза Әли Қ .

Таңдамалы жинақтар: Т. 2. Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. –2006. –292 бет.

ISBN 9965-650-66-7

ББК 84 (5 Қаз.) 7-4

Б $\frac{4702250201}{00 (05)-06}$

ISBN 9965-650-66-7

© Мырза Әли Қ ., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

БИІК БАСПАЛДАҚ

Әр нәрсенің өз орыны бар

ҰШАТЫН ҮШ АТЫМ

Мұратым —
Құр атым.
Мақсатым —
Жақсы атым.
Арманым —
Тарланым.
Ұшатын
Үш атым!

БАСПАЛДАҚ

Баспалдақ,
Баспалдақ,
Барады аспандап.
Өрлейді,
Өрлейді.
Әлсіздер терлейді.
Әжетай!
Сен түгіл,
Қалам мен ентігіп!
Атамның амалы —
Тұрады демалып.
Екеуін бір аттап
Шығамын...
Бірақ та
Арманға,
Мұратқа
Жетпейсің бір аттап!

БАР

Аралар бар
Шағып кетер.
Балалар бар
Лағып кетер.

Аңқаулар бар
Аңғармайтын.
Жалқаулар бар
Тал қармайтын.

Серкелер бар
Есіп өткен.
Еркелер бар
Есі кеткен.

Тентектер бар
Түзелмейтін.
Келтектер бар
Тез емдейтін...

Масылдар бар
Жақтырмайтын.
Асылдар бар
Таптырмайтын.

ӘР НӘРСЕНІҢ ӨЗ ОРЫНЫ БАР

Өз орынын ұмытыпты,
Осыдан не ұтыпты?
Камбаланың көздері
Төбесіне бітіпті.

Өз орынын ұмытыпты,
Осыдан не ұтыпты?
Кейбір аңның мүйізі
Тұмсығына бітіпті.

Өз орынын ұмытыпты,
Осыдан не ұтыпты?
Кей балықтың тістері
Таңдайына бітіпті.

Өз орынын ұмытыпты,
Осыдан не ұтыпты?
Шегірткенің құлағы
Сирағына бітіпті.

Көңліңе қонбаса,
Біраз нәрсе далбаса!
Қайтер едің
Ақылың
Өз орнында болмаса?!

ТҮРЛІ-ТҮРЛІ ҚҰЛАҚ БАР

Жымияр да бұрылар
Құлақтың жүз түрі бар:
Тентек ердің құлағы
Төбелесте жырылар.

Қолдарына картаны ап,
Елендейді шартарап.
Кейбір құлақ жарғақ та,
Кейбір құлақ — ұлтарақ.

Қалып жүрер бас ұқпай,
Ұқтырыңдар асықпай.
Кейбір құлақ асықтай,
Кейбір құлақ қасықтай!

Басып озар Фиатты
Тұлпарларың тұяқты.
Құлақтары
Шынында
Қиған қамыс сияқты.

Жырлағанда бал тандай,
Тыңдайтұғын хал қандай?
Кейбір құлақ найзадай,
Кейбір құлақ қалқандай.

Қай құлақтан кем дейді,
Кем десең піл көнбейді.
Етке жайған нанындай
Ауылдағы ол жеңгейдің!

Бәрі, бәрі, бәрі есте.
Елендейді нәресте.
Шынын айтсақ,
Құлақтың
Екі-ақ түрі бар әсте:

Бұлдамайтын,
Бұлдайтын —
Тындамайтын,
Тыңдайтын!

КІМ НЕСІМЕН ҚЫЗЫҚ?

Адамдардың біртуар
Көздерінде нұр тұрар.
Жеңгем менің қиғаш қас,
Ал ағамның мұрты бар.

Мәз боп қалсын тарландар,
Жақсылықсыз бармаңдар.
Батыр ана әжеміз,
Ал атамда орден бар.

Халық па екен жалынар,
Бәрі өзінен табылар.
Ұста менің нағашым,
Әншілігі тағы бар.

Асып ердің айбыны
Алу керек бөйгіні.
Жездем менің
Циркте
Көз бояушы әйгілі.

Қасиеттен құр демен,
Онсыз жерге кірді өлең.
Қызығатын басқалар
Болу керек бірдеңең!

КӨЛБАҚА ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕДІ?

Бақа шыбын-шіркейді
Тізіміне тіркейді.
Көлденеңге көрінбей
Көлеңкемен бүркейді.

Көргендер таң қалады.
Еске жиі салады.
Таяудағы масаны
Тілмен қақшып алады.

Сөйтіп көлдің қонағы
Құрсағына толады.
Қыбын тапсаң,
Тілмен де
Күн көруге болады!

ПӘРУАНА, ЯКИ ЖЫНДЫ КӨБЕЛЕК

Кімдер қорғамақ?
Желеп-жебемек?
Аты — пәруана,
Заты — көбелек.

Отқа қызынып,
Мұртын қарыды.
Барлық қызығы —
Шамның жарығы.

Бізге түздегі
Таныс іс еді.
Өзі ізденіп
Отқа түседі.

Солай,
Күнінде
Шыққан атағы.
Шамның түбінде
Жайрап жатады.

Отпен атса да
Мекен-қонысын,
Өліп жатса да
Қоймас сонысын!

Отқа сене ме,
Дайын азапқа.
“Жынды көбелек!” —
Дейді қазақтар.

МАҚТА. МАТА. КИІМ

Бекер! Бекер сатушы адам төс ұрды...
Біреу екті,
Біреу оны өсірді.

Біреу терді,
Біреу кентке тасыды.
Қабылдаушы, сірә, басын қасыды.

Біреу түтті,
Біреу әсте иірді.
Ал тоқуы басқа жанға бұйырды.

Біреу пішті түсердей ғып назарға.
Біреу тікті,
Біреу сатты базарда.

Кімге арнайды сонда, досым, ел күйді?!
Қаншама еңбек?!
Ақырында сен кидің.

Кім өсірді бұзау, құлын, тоқтыны?..
Адамдардың бір-бірінсіз жоқ күні!

ШЕГЕ ҚАҒУ

Қайда қағу?
Неге қағу?
Үлкен өнер — шеге қағу.
Сотқарыңның бірі — балға,
Саусағыңды ұрып алма!
Ұрдың екен қатырып ұр:
Сіңіріп ұр!
Батырып ұр!
Қақтың екен өткізіп қақ!
Жетесіне жеткізіп қақ!
Ерегеспе!
Сайыс құрма!
Бір шегенді майыстырма!
Қайда қағу?
Неге қағу?
Ең қиыны — шеге қағу!
Ал түзету тіптен қиын.
Түсінесің біткенде үйің!

ЖҰМБАҚ АРАЛ

Сыр айтайын, тұра қал!
Ертегіге сұранар
Буырқанған мұхитта
Болған екен бір арал.

Торғайменен барабар
Ұшыпты онда аралар.
Өзендері
Төменнен
Жоғарыға кері ағар.

Ауасының кесірі
Адамдары есірік.

Шындықты айтса қамапты,
Жалған айтса өсіріп!

Батырлары
Кезекпен
Соғысыпты көжекпен.
Дүниенің барлығын
Бағалапты тезекпен!

Шатырларын жықтырып,
Ауруларын жұқтырып,
Қарсы алыпты қонақты
Бастарынан тік тұрып.

Арал емес – жұмбақ-ты,
Сірә, бәрін жын қақты.
Үлкендердің айтқанын
Құйрығымен тыңдапты!

Сылтау қылып сынықты,
Лайлапты тұнықты.
Ақырында сол арал
Суға кетіп тыныпты!

ҚАРА ДӘУ ЖӘНЕ КІШКЕНТАЙ ТЫШҚАН

Саусағы білектей,
Білегі балтырдай,
Балтыры теректей.
Мұрыны шүмектей,
Шүмегі түбектей,
Түбегі шелектей!
Тырнағы азудай,

Азуы пышақтай,
Пышағы қылыштай.
Еттері сіңірдей,
Сіңірі темірдей,
Темірі құрыштай.

Ал көзі тостақтай,
Тостағы табақтай,
Табағы апандай.
Кірпігі жебедей,
Жебесі найзадай...
Қысқасы... атандай!

Қара дәу — қара жын
Батыр боп көрінген
Өзгеге — басқаға.
Тышқанды көргенде
“Бұл қандай пәле?!” — деп,
Бақырды,
Масқара!

Тышқаннан қорқатын
Қара дәу болғанша...
Тыңдап ал, қонағым:
Дәуінді қорқытар
Тышқандай
Кішкентай
Батыр ұл боламын!

КАПУСТАНЫ ТОНАМАҚ БОЛҒАН БАУКЕСПЕЛЕР

— Ұсыныста жоқ айып,
Бақшасына қонайық.
Қырық қабат тоны бар

Капустаны тонайык! —
Деп ешкілер келісті,
Аралап көкөністі,
Қолдағы жоқ нәрсені
Алдын-ала бөлісті.

Бұл сырды кім біледі?
Бәрінің бір тілегі.
Барып олар
Бақшаның
Іргесіне түнеді.

Асықпаған дұрыс-ты,
Бүлдірді олар бұл істі
Капустаны тонауға
Түн аумастан кірісті.

Білесіндер мал барын,
Малды жанда қам барын.
Дәл ұрлықтың үстінде
Ұстап алды шал бәрін.

Қызық болды соңынан:
Таспа тіліп жонынан,
Капуста емес,
Бас ұры
Айырылды “тонынан!”

ТАҢБА ТУРАЛЫ

Мысық ойы анық-ты,
Соны тағы танытты:
— Таңба қылып туыма
Алар едім балықты!

Ит мөліп қарайды,
Арманы ғой талайғы:

— Бізге таңба болуға
Тоқпан жілік жарайды!

Ашуланып,
Шытынып,
Аю айтты тұтығып:
— Ме-ен та-аңба ғып а-алар ем
Ба-ал құйылған құтыны!

— Бәріне де ділгер ем,
Бәріне де үлгерем.
Қай тудың да астында, —
деді, Шыбын, — күн көрем!

ТЕМІР КЕРЕУЕТ

Сыры кеткен,
Сыны бірақ кетпеген,
Сырғанақтау қылығы бар ептеген,

Төрт аяқты,
Төрт құлақты,
Керемет
Біздің үйде тұр осындай кереует.

Хал-жағдайын сезе ме өзі,
Сезбей ме?
Әрлі-берлі жылжытамыз біз кейде.

Кіші гірім төрт дөңгелек бар онда.
Содан ба екен,
Айналайын жарандар,

Қайдан білсін жарыспасын,
Озбасын,
Машинамын деп санайды өз басын!

БАЛАПАНДАР МЕН БӨБЕКТЕР

Көлеміндей бүйректің
Балапаны үйректің.
Күрке тауық дегеннің
Шөжелері сирек тым.

Шібилері тауықтың
Қолайлы жер тауыпты.
Алаңқайда
Қаптаған
Қарақұстар қауіпті.

Ұзап кетпей,
Әрі аспай,
Бір-бірінен адаспай,
Бір ыдыстан жем жейді
Жағаласпай,
Таласпай!

Тамақ берсең,
Бөлек бер!
Ақыл айтып,
Көмек бер.
Қиын екен
Бір жерге
Сыйыспаған бөбектер!

ҰШҚЫН

Көлеміндей күріштің
Ұшып түскен бір ұшқын
Балқытады мырышты,
Балқытады құрышты!

Өртейді ол орманды,
Өртейді ол орданды.
Жайратады әскерсіз
Жау алмайтын қорғанды.

Өртенеді көкпегің,
Жердегің мен көктегің.
Білесің бе,
Қалайша
Лапылдайды оттегі!

Жүрмес өртке базына.
Қарама көп, азына.
Ақырзаман болады
Ұшқын тисе газыңа!

Лақтырдың ба ұшқынды?
Гүрілдеді,
Ышқынды.
Аямайды ол енді
Ешнәрсені,
Ешкімді!

Балқытады мырышты,
Балқытады құрышты:
Көлеміндей күріштің
Ұшып түскен бір ұшқын!

ЕР-ТҰРМАН

Мынау қамшы антұрған!..
Мынау әлгі ер-тұрман.
Ат үстінде
Болады
Сияқты бір жел тұрған!

Тартып кеттік біз енді,
Қымта жылы тізенді.
Нағыз жезден жасалған
Өзіңе шақ үзенгі.

Тұрымтайдай бар тұлғаң,
Кім сапардан тартынған.
Ұзын емес,
Қысқа емес,
Таралғың дәл тартылған.

Өнер еді бұл бұрын,
Көрдің оның мың бірін.
Арғымақтың байлайды
Мама ағашқа шылбырын.

Маманымыз біз мұның.
Ат үстінде жүз күнің.
Ең бастысы —
Қолдағы
Өзің ұстар тізгінің!

Сабақта және сабақтан соң

ОНҒА ШЕЙІН САНАУ

Бір, екі, үш.
Бір, екі, үш.
Ал кәнекей, үш!
Төрт, бес, алты, жеті.
Төрт, бес, алты, жеті.
Мынау ауыл шеті.

Сегіз, тоғыз, он.
Сегіз, тоғыз, он.

Ал көнекей, қон!
Асықпа да саспа!
Бірден қайта баста!

ТӨРТ АМАЛ

Білмеймін мен басқанды,
Қонақпенен ас дәмді.
Қанша қоссаң сонша қос,
Жақсы көрем қосқанды.

Бәрі, бәрі талданды.
Біраз адам танданды.
Беруді де жек көрмен,
Жек көрмеймін алғанды!

Көктем өтсін,
Жаз өтсін.
Қай кезде де өжетсің.
Сол өжеттер көбейсін,
Көбейгенге не жетсін!

Бірақ айтар бар сыным,
Құлағыңда қалсын үн.
Дұрыс: қосу,
Көбейту,
Ал бөлгенге қарсымын!

Өзімнен бе?
Елден бе?
Жоқ қасиет ол менде.
Не болады
Бүтінді
Онға,
Жүзге бөлгенде?!

ҚОСУ

Бір бұтақта бір алма,
Бір бұтақта бір алма:
Бір алмаға бір алма —
Екі алма боп тұр алда.

Бір бұтақта екі алма,
Бір бұтақта екі алма:
Төрт алманы жалғыз жеп
Тыныш ұйықтап жата алман!

Бір бұтақта үш алма,
Бір бұтақта үш алма:
Алты алманы мен алсам,
Боласың сен пұшайман.

Бір бұтақта төрт алма,
Бір бұтақта төрт алма:
Ал алыңдар, достарым,
Сегіз алма ортаңда!

Бір бұтақта бес алма,
Бір бұтақта бес алма:
Он алма бар оныңа,
Қандай жақсы қоса алған!

АЛУ

Қайда адамның Адам аты,
Жақсы аты?
Ала беру — кейбіреудің мақсаты.

Бергеніңнен бас тартпайды көп бала,
Бостан-босқа сен оларды мақтама.

Алма берсең,
Өрік берсең — алады.
Бүлдіргенді теріп берсең — алады.

Бадам берсең,
Жүзім берсең — алады.
Әңгелектің жүзін берсең — алады.
Берсең, Сиам мысығын да алады,
Қасқыр иттің күшігін де алады.

Пілінді де,
Пұлынды да — алады.
Беріп жатсаң,
Шылымды да — алады.
Жақсы тіккен киім берсең — алады,
Таптырмайтын бұйым берсең — алады.

Кока-кола, пепси берсең — қанбайды.
Ал соларға ақыл берсең — алмайды!

ШЫҒУ

Су толған кезде қайыққа,
Жағаға шығу айып па?

Жарыста не бір —
Байыпта —
Келсеңіз озып — айып па?

Күтпеген жерден,
Ғайыптан
Ғарышқа шықсаң айып па?
Буыршын мұзда тайып па?
Күреске шықсаң айып па?!

Мәселе қалай шығуда,
Шығуды қалай ұғуда!

Есінде жүрсін Ел қамы.
Шектен шықпасаң болғаны!

ТҮСУ

Ойланбай сөйлеп,
Құр босқа
Күлкі боп жүрме құрдасқа.
Шығудың жөні бір бөлек,
Түсудің жөні бір басқа!

Түсініс және ұғыныс,
Бұларсыз бітпес шұғыл іс.
Бауырым, қалай болса да,
Түсу бір қиын құбылыс.

Келмейді бір ай,
Он айда
Қорқаққа бақыт жолай ма?!
Түскендер түсер биіктен,
Биікті беру оңай ма?!

Мықтылық болса тегінде,
Шегінбе, көкем, шегінбе!
Түскендер түсер талқыға,
Талқыға түсу жеңіл ме?!

Сенбейді заман бақсыға.
Ақылмен,
Күшпен бақ сына!
Түскендер түсер тұзаққа,
Тұзаққа түскен жақсы ма?!

“Мен” — деген жай бір есімдік.
“Мен”, “Мен” — деп ұрма төсінді.
Түскендер түсер түрмеге,
Түрмеге түсу не сұмдық?!

Не дейді жұрттар төменде?
Құлақ түр соған,
Еленде!
Түскендер өзі-ақ түседі,
Көмектес шығам дегенге!

СҰРАУ

Жақсылықты сүрлеме!
Ақ көңілді кір деме!
Сұрау деген
Біреуден
Алу емес бірдеңе!

Келісті сөз құрасаң,
Теріс сөзді бұра сал!
Айыбы жоқ
Данадан
Ақыл-кеңес сұрасаң.

Өмір өзі мың сабақ,
Өтеміз біз күн санап.
Аурулардың хал-күйін
Сұрап қайтсаң,
Ол — сауап!

Жатсырама жалғызды.
Жібите біл тоң-мұзды.
Сұрай алсаң сүйінші,
Қуантқаның ол бізді.

ЖЫҒЫЛ!
Құла!
Не сүрін!
Тимесін тек кесірің.
Айыбы жоқ
Басқадан
Сұрай білсең кешірім!

БЕРУ

Жердің өзі бір кеме,
Жетісіп жұрт жүр деме.
Ағайынға ағайын
Беру керек бірдеңе.

Иттік қарап жата ма!
Оны бірақ атама!
Енші беріп,
Біздерді
Шығарады ата-ана.

Келесіден келесі
Көп өмірдің белесі.
Беру керек үлкендер
Кішіге ақыл-кеңесін.

Аз ба жұртқа керегі!
Керегін ел көреді.
Біреу тойда сөз берсе,
Біреу бата береді.

Көрген кезде күлгенді
Көңіл бағы гүлдеді.
Үлкендерге жол берсең,
Оның өзі білгендік!